

## Дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік қызмет регламентін бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 29 наурыздағы № 74 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2013 жылғы 22 сәуірде № 3267 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 3 желтоқсандағы № 170 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы әкімдігінің 03.12.2015 № 170 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ", 2000 жылғы 27 қарашадағы "Әкімшілік ресімдер туралы" Зандарын басшылыққа ала отырып аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған "Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтыруши, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік қызмет регламенті бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы К. Сүйеуғалиевке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен күнтүзбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

*H. Қарагайшин*

2013 жылғы 29 наурыздағы № 74  
аудан әкімдігінің қаулысымен  
бекітілген

**"Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтыруши, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші**

## **санатты**

### **"әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік қызмет регламенті**

#### **1. Жалпы ережелер**

1. "Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтыруши, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортши, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік қызмет регламенті (бұдан әрі - Регламент) Қазақстан Республикасының "Әкімшілік рәсімдер туралы" 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1 бабының 4 тармағына сәйкес жасалған.

2. "Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтыруши, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортши, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Мемлекеттік қызметтердің автоматтандырылуын және халыққа қызмет көрсету орталықтары қызметтерінің үйлестірілуін бақылау жөніндегі комитетінің "Халыққа қызмет көрсету" Республикалық мемлекеттік кәсіпорны "Батыс Қазақстан облысы бойынша халыққа қызмет көрсету орталығы" филиалының Қаратөбе ауданының бөлімі (бұдан әрі – орталық) арқылы " Қаратөбе ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дene шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесімен көрсетіледі (бұдан әрі - уәкілетті орган).

3. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.

4. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 желтоқсандағы "Дене шынықтыру және спорт туралы" Заңы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 шілдедегі "Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі, дене шынықтыру және спорт саласындағы жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту туралы" № 981 қаулысы негізінде ұсынылады (бұдан әрі - Стандарт).

5. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы толық ақпарат Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің [www.mts.gov.kz](http://www.mts.gov.kz), "Мемлекеттік қызметтер" бөлімінде, "Халыққа қызмет көрсету орталығы" респубикалық мемлекеттік кәсіпорнының [www.con.gov.kz](http://www.con.gov.kz)

интернет-ресурстарында, мемлекеттік қызмет ұсынылатын жерлерде уәкілетті органның стенділерінде орналасқан.

Уәкілетті органның мекен-жайы: индекс 090800, Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданы, Қаратөбе ауылы, Құрманғалиев көшесі, 24, телефон: 8(71145) 31273.

Орталықтың мекен-жайы: индекс 090800, Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданы, Қаратөбе ауылы, Құрманғалиев көшесі, 23, телефон: 8(71145)31800, 31463.

6. Мемлекеттік қызмет спорттық разрядтары мен біліктіліктерін ресми тану мақсатында жаттықтырушыларға, әдіскерлерге, нұсқаушыларға, спортшыларға және спорт төрешілеріне (бұдан әрі - алушы) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет нәтижесі қағаз жеткізгіште 5 жыл мерзімге спорттық разряд немесе санат беру туралы бүйрықтан үзінді көшірме не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы электрондық құжат нысандағы дәлелді жауап болып табылады.

## **2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібінің талаптары**

8. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

1) мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі алушы жүгінген сәттен бастап күнтізбелік 30 күннен аспайды (құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді, бұл ретте уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға бір күн қалғанда ұсынады);

2) алушы жүгінген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алуға дейінгі күтудің жол берілетін ең көп уақыты 20 минуттан аспайды;

3) алушы жүгінген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушыға қызмет көрсетудің жол берілетін ең көп уақыты 20 минуттан аспайды.

9. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

10. Уәкілетті органда жұмыс кестесі демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 9.00-ден бастап 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден бастап 14.30-ға дейін.

Орталықтың жұмыс кестесі жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, күн сайын дүйсенбіден сенбіні қоса алғанда, 9.00-ден 19.00-ғе дейін, түскі үзіліссіз.

Қабылдау алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз "электронды" кезек тәртібінде жүзеге асырылады.

11. Мемлекеттік қызмет мүмкіндіктері шектеулі тұтынушыларға қызмет көрсету үшін жағдайлар көзделген анықтама бюросы, күту креслосы, бланкілерді

толтыру үлгілерімен ақпараттық стенділер орналастырылған орталықтың үй-жайында көрсетіледі.

### **3. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіндегі іс-әрекет (өзара іс-қимыл) тәртібін сипаттау**

12. Мемлекеттік қызметті алу үшін алушылар Стандарттың 11 тармағына сәйкес құжаттарды тапсырады.

13. Мемлекеттік қызметті алу үшін барлық қажетті құжаттар тапсырылған кезде алушыға мыналар көрсетіле отырып тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі:

- 1) сұрауды қабылдау күні мен нөмірі;
- 2) сұрау жасалған мемлекеттік қызмет түрі;
- 3) қоса берілген құжаттардың саны мен атауы;
- 4) құжаттарды беру күні (уақыты) мен орны;
- 5) құжаттарды ресімдеуге өтінішті қабылдаған орталық қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты;
- 6) алушының тегі, аты, әкесінің аты, уәкілетті өкілдің тегі, аты, әкесінің аты және олардың байланыс телефондары.

14. Стандарттың 16 тармағында көзделген жағдайларда мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартылады.

15. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде келесі құрылымдық-функционалдық бірліктер (бұдан әрі - ҚФБ) қатысады:

- 1) орталықтың инспекторы;
- 2) уәкілетті органның маманы;
- 3) уәкілетті органның басшысы.

16. Әр әкімшілік әрекеттің (рәсімнің) орындау мерзімін көрсете отырып, әр ҚФБ әкімшілік әрекеттерінің (рәсімдерінің) өзара әрекеттестігі мен реттілігінің мәтіндік кестелік сипаттамасы осы Регламентке 1 қосымшада көрсетілген.

17. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде әкімшілік әрекеттердің логикалық реттілігі мен ҚФБ арасындағы өзара байланысты көрсететін сызбалар осы Регламентке 2 қосымшада берілген.

### **4. Мемлекеттік қызмет көрсететін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі**

18. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін бұзғаны үшін лауазымды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамаларымен қарастырылған жауапкершілікке тартылады.

бірінші, екінші және үшінші жасөспірмдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтыруши, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру"

мемлекеттік қызмет

регламентіне

1 қосымша

## **Әр әкімшілік әрекеттің (рәсімнің) орындау мерзімін көрсете отырыш, әр ҚФБ әкімшілік әрекеттерінің (рәсімдерінің) өзара әрекеттестігі мен реттілігінің мәтіндік кестелік сипаттамасы**

№ іс-әрекет (барысы, жұмыс ағыны)		
ҚФБ-1 Орталық инспекторы	ҚФБ-2 Үәкілетті органның маманы	ҚФБ-3 Үәкілетті органның басшысы
№ 1 іс-әрекет Арызды қабылдайды, тіркейді және колхат береді	№ 1 іс-әрекет Күжаттарды тексеру. Үәкілетті органның басшысына күжаттарды дайындау және жолдау	
№ 2 іс-әрекет Күжаттарды уәкілетті органға жібередіу		№ 1 іс-әрекет Ұсынған күжаттарды қарастыру. Спорттық разряд немесе санат беру туралы бұйрықтың үзінді көшірме
№ 3 іс-әрекет Алушыға уәкілетті органдан спорттық разряд немесе санат тағайындау бұйрықтан үзінді көшірме немесе мемлекеттік қызметті тағайындаудан бас тартқаны туралы дәлелді жауапты береді	№ 2 іс-әрекет Спорттық разряд немесе санат беру туралы бұйрықтан үзінді көшірме не мемлекеттік көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты әзірлеу. Дайын күжаттарды орталыққа жолдау	немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту дәлелді жауабына қол кою
О р ы н д а у		м е р з і м і :
1) мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі алушы жүгінген сәттен бастап күнтізбелік 30 күннен аспайды (күжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді, бұл ретте уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға бір күн қалғанда ү с ы н а д ы ) ;		
2) алушы жүгінген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алуға дейінгі күтудің жол берілетін ең көп уақыты 20 минуттан аспайды ;		
3) алушы жүгінген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушыға қызмет көрсетудің жол берілетін ең көп уақыты 20 минуттан аспайды .		

"Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірмдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты

жаттықтыруши, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік қызмет регламентіне 2 қосымша

## **Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде әкімшілік әрекеттердің логикалық реттілігі мен ҚФБ арасындағы өзара байланысты көрсететін сызыба**

